

2021 – 2022 оқу жылының бірінші жарты жылдығында тәрбие саласы бойынша атқарылған жұмыстар жайлы мәлімет

2021-2022 оқу жылының бірінші жартысында 5-11 сыныптар аралығында 25 сынып комплектісі болса, барлығына сынып жетекшілері 31-тамызда өткен №1 педагогикалық кеңесте қаралып, мектеп басшысы тарапынан бекітілген және тиісті лауазымдық міндеттерімен таныстырылып, бекітіліп берілген.

Тәрбие саласы бойынша айлық, апта сайын және күнделікті атқарылатын жұмыс жоспарлары, іс-шаралары тексеріліп, бекітіліп отырылады.

Сондай-ақ мектепте төмендегідей қоғамдық ұйымдар мен үйірмелер жұмыс істейді:

- | | |
|---|----------------------------|
| 1. «Сырғалым - сырласу» - қыздар ұйымы. | Қуанышева Б |
| 2. Ұлдар ұйымы | Айту Қ |
| 3.«Әкелер» кеңесі | Батырбеков М |
| 4. «Әжелер» кеңесі | Қамбарбекова Г |
| 5. Мобильдік топ | М. Батырбеков |
| 6. Профилактикалық топ | Қ. Құтымбет. |
| 7. Өзін – өзі басқару ұйымы | Аға тәлімгер Г. Бугембаева |
| 8.Оқушылар парламенті президенті | Тастан Толқын - 10-сынып |
| 9. «Адал ұрпақ» еріктілер клубы жетекшісі | Бугембаева Г |
| 10. Жолда жүру инспекторы жетекшісі | Батырбеков Н |

Оқу жылы барысында бір аптада атқарылатын бекітілген жұмыстар
(апталық циклограмма)

Қ/с	Атқарылатын іс- шаралар атауы	Мерзімі	Жауапты
1.	Әр күні оқушылардың сабаққа қатысуын, формасын,тазалығын тексеру, таңертең қабылдау	Апта бойы күн сайын	ДТІЖО, педагог-психолог Аға тәлімгер
2	Оқушылар линейкасын өткізу, апталық қорытындымен таныстыру, келесі аптада атқарылатын іс-шаралармен таныстыру.	Аптаның әр дүйсенбісі	ДТІЖО, Аға тәлімгер Г.Бугембаева, ұйым- пед Қамбарбекова Г
3	Сынып жетекшілермен кеңес	Қажеттілігіне қарай	Қ. Құтымбет Батырбеков М
4	Тазалық күнін өткізу.	Аптаның әр жұма күні	Медбикелер Сынып жетекшілер Өзін-өзі басқару , қыздар ұйымы
5	Сыныптар бойынша тәрбие сағаттарының өтілуін қадағалау және қатысу.	Кесте бойынша	Батырбеков М. Қ. Құтымбет
6.	Жоғары органдар мен мекемелерден келген хаттарға іс-шара жасап таныстыру және орындалу туралы мәлімет тапсыру.	Кезінде	Қ. Құтымбет Батырбеков М. Тиісті мамандар
7	Сабактан кетіп қалмауын, сабақ уақытында ұялы телефон және басқа да заттарды қолдандырмау мақсатында рейдтер ұйымдастыру.	Аптасына бір рет	Батырбеков М. Қамбарбекова Г Өзін-өзі басқару ұйымы
8	Сынып оқушыларының күнделік, кітап, дәптерлерінің әкелуін және мұқабаларының қапталуын тексеру	Апта бойы	Аға тәлімгер Кітапханашылар Жапекова Р Байдабекова Р Сынып жетекшілер

.Әдістемелік жұмыстар жүргізу үшін сынып жетекшілер әдістемелік бірлестікке біріктірілген, бірлестік жетекшісі Тұрдықұлова Б. ӘБ- тің жұмыс жоспары, отырыс хаттамалары толтырылған.

Сынып жетекшілікті жаңадан қабылдаған жас мамандарға әдістемелік көмек беру үшін тәжірибелі мамандар тарапынан тәлімгерлер бекітілген.

Жарты жылдық бойынша секция бойынша 3 рет отырыс өткізді, сыныптар бойынша ашық тәрбие сабақтары кесте бойынша ұйымдастырылды, Осы кезеңге дейін өтілген ашық сабақтардан 7 және 5 сыныптардың Тәуелсіздік мерекесіне арналған бірлескен ашық сабақтарының жақсы деңгейде өтілгенін атап өту қажет

Мектепте тамыз айынан бастап тәрбие саласындағы сегіз бағыт бойынша біршама жұмыстар атқарылған. Алдын ала белгіленген іс-шаралар тиісінше орындалып, аудандық адами әлеуетті дамыту бөліміне және басқа да тиісті орындарға есептер тапсырылып отырылды. Сондай-ақ, өткізілген іс-шаралар әлеуметтік желілерге жарияланып, көпшілікпен таныстырылған.

Себепсіз сабақтан қалатын, жиі кешігетін, оқушылар профилактикалық топ арқылы дер кезінде анықталып, сынып жетекшілер арқылы тиісті шаралар көрілді. Сабаққа кешігетін, себепсіз қалатын оқушылардың кезінде себебін анықталып, нәтиже шығарылып отырылды. Сабақтан жиі қалатын 7 «Б» оқушысы- Бәкір Бекзат, 6 «а» сынып оқушысы Сман Арман, 7 «ә» сынып оқушысы Бәкір Жандаулет, 8- сынып оқушысы Абибулла Нурлыхан және А. Мұқаш мектепшілік есепке алынып, тиісті шаралар атқарылуда.

Апталық циклограмма бойынша аптаның әр дүйсенбі күні апталық қорытынды линейка өтіліп, онда әр аптада атқарылатын жұмыстар туралы айтып оқушылар мен сынып жетекшілерге тапсырма беріліп отырылады.

Оқушыларды әлеуметтік жағынан қолдау атқарылған жұмыстар

Өскелең ұрпақты тәрбиелеу мәселесі бүгінгі күні өзекті мәселелердің бірі болып отыр. Қазір қоғамымыз әлеуметтік-рухани дағдарысты басынан кешіруде. Қазақстан 1989 жылы БҰҰ қабылдаған «Бала құқығы туралы конвенцияны» мақұлдады. Конвенция мазмұны негізгі 4 талап қояды, баланың өмір сүру құқығы, баланы қорғау, дамуына жағдай жасау, қоғамдық өмірге белсене араласу құқын құрметтеу. Негізгі басымдық баланы қайсыбір себептері болмасын кемсітпеу. Конвенция әлеуметтік қорғалмаған балалар тобына, жетімдерге, мүгедектерге, құқық бұзушыларға ерекше көңіл бөледі.

Әлеуметтік педагогика – ортаның, қоғамның, тәрбиеге, әлеуметтенуге әсер ету факторын зерттейтін педагогиканың бір саласы.

Әлеуметтік педагогиканың мақсаты – оқушыларға әлеуметтік көмек ұйымдастыру, тек көмек күтуші емес проблеманы шешу үшін өздігінен жол табуына көмектесу, рухани жан дүниесін танып білу, қатарға қосу жұмыстарын ұйымдастыру.

Отбасы. Бала. Мектеп.

Бір-бірінен ажырағысыз үш ұғым.

Отбасы бар жерде бала бар,

Бала бар жерде мектеп бар.

Мектебіміздегі әлеуметтік педагогтардың қызметтік функциялары:

- Аз қамтылған жағдайы төмен, жетім, жартылай жетім және көп балалы отбасы балаларының тізімін жасау;
- Аз қамтылған жағдайы төмен, жетім, жартылай жетім және көп балалы отбасы балаларын тегін оқулықпен қамтамасыз ету;
- Аз қамтылған жағдайы төмен, жетім, жартылай жетім және көп балалы отбасы балаларын бір мезгіл ыстық тамақпен қамтамасыз ету мақсатында оқушылардың құжаттарын рәсімдеу;
- Жалпыға бірдей міндетті білім беру қорынан материалдық көмек берілетін оқушылардың тізімін талдау және бекіту;

- Үйден оқытуды қажет ететін оқушылардың тізімін анықтау және үйде оқыту жұмыс жоспарының орындалуын қадағалау;
- Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрлігі және облыстық білім басқармасымен "Мектепке жол" қамқорлық акциясын басшылыққа ала отырып, мектеп әкімшілігі мен ұстаздар, кәсіпкерлермен бірігіп ұйымдастыру;

Мектебіміз орналасқан елді мекендегі аз қамтылған, жағдайы төмен жанұя балаларының саны-63, жартылай жетім балалар саны-30, тұл жетім-2, көп балалы отбасы балаларының саны-364.

Оқушылардың өсіп отырған психоэмоциялық және физикалық жүктемелері оқушылардың денсаулықтарын нығайту және сақтауды басты міндет етіп отыр. Ресми статистика мұндай көрсеткіштің төмендеп бара жатқандығын дәлелдейді. Денсаулық сақтау министрлігінің мәліметтері бойынша оқушылардың 90%-ында денсаулық жағдайының түрлі деңгейіндегі ауытқушылықтары, 40%-ында созылмалы аурулар бар. Оқушылардың тек үштен бір бөлігінің денсаулығын дұрыс деп есептеуге болады. Әсіресе 15-17 жастағы жасөспірімдердің жағдайы алаңдаушылық туғызады. Есте сақтау қабілетінің төмендеуі, оқу күнінің соңына қарай ойын жинақтай алмауы-қалыпты жағдай болып отыр. Балалардың көпшілік бөлігі тез ашуланғыш, физикалық әлсіреңкілігімен ерекшеленеді. Мұндай жағдайлардың себептері көп: бұл әлеуметтік мәселелер, нашарлап бара жатқан экология, толыққанды тамақтанбау, гиподинамия және т.б. Сондықтан қордың қаражатын ең алдымен бағыттау қажеттілігі-бұл оқушылардың ыстық тамағын ұйымдастыру.

Мектебімізде аз қамтылған, көп балалы және жетім, жартылай жетім отбасындағы 124 оқушы ыстық тамақпен қамтамасыз етілген.

Көп балалы және аз қамтылған отбасыларынан шыққан, жетім, қамқорлықтағы балалар үшін тегін ыстық тамақ ұйымдастыру туралы мектеп директоры атынан мектеп асханасын жалға алушылармен шарт жасалынды. Тамақтану мектеп директорымен бекітілген ас мәзірі және кестесі бойынша жүргізіледі. Ыстық тамақтың сапасы және ұйымдастырылуына бақылауды медбике, тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, әлеуметтік педагог, сынып жетекшілері жүзеге асыруда және ай сайын аз қамтылған, жетім, жартылай жетім және көп балалы отбасы балаларына ыстық тамаққа бөлінген қаражат есебі хабарлама түрінде ауданға жіберіліп отырады.

Оқумен қамтылмаған балаларды анықтау, аз қамтамасыз етілген және көп балалы отбасынан шыққан оқушыларға, жетім балаларға, сондай-ақ оқу жылының басына дайындық уақыты кезінде ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларға қолдау көрсету және әлеуметтік себептер бойынша мектепке балалардың келмеуінің алдын алу мақсатында Республикалық «Мектепке барар жол» атты 2022 жылдың 1 тамыз бен 30 қыркүйек аралығында акция жүргізілді. Акцияға біздің мектебімізде өз үлестерін қосты. Акция барысында 120 мың теңге жинақталды. Қайырымдылық қорынан түскен қаржы, материалдық көмек ретінде Құлет Бактияр, Әмзе Бақдаулет, Жандарбек Саят, Кемелбек Ақнұрға 20000 теңгеден берілді. 20000 теңге қаражат жаңа жылдық сыйлықтар алуға жұмсалынды.

Жаңа жыл қарсаңында балаларға тарту ретінде аз қамтылған, жартылай жетім 30 оқушыға тегін киім-кешектер және үйде оқитын 11 сынып оқушысы Әмір Динараға аудандық адами әлеуетті дамыту бөлімі тарапынан арнайы жаңа жылдық сыйлық берілді.

Мектепте 9 оқушы үйде оқытылады, үйде оқыту жұмыс жоспары жасалынған сондай-ақ социолог-педагог Жамалбекова Г тарапынан жұмыстың орындалуын қадағаланып келеді.

№	Оқушының аты жөні	Оқубағдарламасы	Сыныбы
1	Әмір Динара	Жалпы орта	11
2	Әмір Әсел	Жеңіл ақыл ой	2
3	Нұғман Әзіретхан	Жеңіл ақыл ой	7
4	Сман Құдайберген	Жеңіл ақыл ой	8
5	Қайнар Бақдаулет	Жалпы орта	3
6	Тұрсынбай Данель	Жеңіл ақыл ой	5
7	Арыстанбек Айдос	Жалпы орта	8
8	Күмісбек Айнур	Жалпы орта	8
9	Кәдір Ұлбике	Жалпы орта	11

Қоғамдық ұйымдармен бірлескен жұмыстар

«Сырғалым - сырласым» қыздар ұйымының 2021 жарты жылдық атқарған жұмыстары.
Жетекшісі Қуанышева Б

15 -қыркүйек күні «Мектептегі қыз бала тәрбиесі» атты жалпы қыздар жиналысы өткізілді. Жиналыстың күн тәртібіндегі мәселелер бойынша қыздарды мектептің ішкі тәртібімен, қауіпсіздік ережесімен таныстырылды.

20 қыркүйек күні «Тазалық, тәртіп басты талап» тақырыбында 5-7 сынып қыздар арасында жиналыс өткізілді.

«Бой түзеу- әуелі ой түзеу» тақырыбында мектеп тәлімгерімен бірлесе отырып жиналыс өткізілді.

Қазан айының 19 күні қыздар арасында тұрмыстық зорлық зомбылық және ерте жүктіліктің алдын алу мақсатында «Арыңды сақта, бойжеткен» тақырыбында қыздар ұйымы төрайымы баяндама оқып, мектеп медбикелерімен бірлесе жиналыс ұйымдастырылды.

Қыздар ұйымының ұйымдастыруымен «Ұстазым менің, ұстазым» ұстаздар күніне іс-шара өткізілді.

22 қазан күні «Алтын күз» мерекелік кеші ұйымдастырылды.

8-11 сыныптар арасында жеке сыныптарда қыздар арасында жиналыстар өткізіліп отырды.

5-7 сыныптар арасында да қыздардың тазалығы мен тәртібін, мектеп формасын сақтау жөнінде сыныптар арасында жеке жиналыстар жүргізіліп отырды.

15-қараша күні 8-11 сынып қыздары арасында «Буллинг, кибербуллинг дегеніміз не?» тақырыбында мектеп психологтарымен бірлесе жиналыс өткізілді. Жиналыстың мақсаты: Қыздар арасындағы әлімжеттік пен зорлық-зомбылықты болдырмау, алдын-алу

.Осы кезеңге дейін қыздармен түрлі тақырыпта бес рет жиналыс өткізілген

«Ұлдар» ұйымы» атқарға жұмыстар жетекшісі Айту Қуаныш

Бекітілген кесте бойынша ұлдар арасында құқықбұзушылықты болдырмау, алдын-алу мақсатында бірнеше рет жиналыстар өткізілді және үнемі оқушылардың тәртібі қадағаланып келеді.

Оқушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру мақсатында аталған кеңестің ұйымдастыруымен спорттық жарыстар, атап айтқанда сыныптар бойынша футбол, волейбол жарыстары, «Мен Тәуелсіз елімнің Ұланымын» атты сайыстар өткізіліп, жеңімпаздар оқушылардың жалпы жиналысында марапатталды.

Қазан айында «Әке көрген оқ жонар» тақырыбында мектеп «Әкелер кеңесінің» ұйымдастыруымен жалпы жиналыс өткізіліп, оқушыларға жиналысқа қатысушы әкелер тарапынан тағылымдық шаралар ұйымдастырылды.

Педагог- психологтарының атқарған жұмыстары

Оқушылардың психофизиологиялық денсаулығын, дамуын есепке алып, жеке тұлғаның ерекшелігін жан-жақты зерттеу, жан дүниесін дамыту, педагогтардың және ата-аналардың қарым-қатынастарын жақсарту, психологиялық педагогикалық біліктілік дағдысын қалыптастыру мақсатында 2021-2022 оқу жылындағы жоспарға сәйкес психодиагностика, психологиялық түзету, дамыту, психологиялық ағарту, психологиялық кеңес жалпы сыныптар аралығында, оқушыларға, педагогтар мен ата-аналарға атқарылатын жұмыстың бағыттары бойынша психологиялық жұмыстар атқарылды.

Қыркүйек

Қыркүйек айында психологтармен бірлесе отырып, 1 және 11 сынып оқушылары туралы мәліметтер жинақталып, жаңартылды. «Бестерек» жобасы бойынша мектепшілік

есепте тұрған оқушылар мен «Тәуекел тобындағы» оқушылар тізімімен танысу және психологиялық-педагогикалық анықтау жұмыстары жүргізілді. ІІБ –де есепте тұратын отбасылардағы балалар тізімі , Д-есебінде тұратын оқушылардың мәліметтері жинақталды. 1-ші сынып оқушыларының мектепке даярлығын анықтау мақсатында жұмыстар жүргізілді. Мінезінде ауытқушылығы бар оқушылар аныкталып 28.09.2021 күні «Өмір мен саған құштармын» тақырыбында тренинг сабағы жүргізілді.

Қазан

5-11 сыныптар аралығында Айзенк бойынша темперамент типтері анықталды:

Сынып Темпера- мент типі	5сынып тар 94 оқушы	6сыныпт ар 78 оқушы	7сыныпт ар 89 оқушы	8сыныпт ар 88 оқушы	9сыныпт ар 72 оқушы	10 сынып тар 62 оқушы	11 сынып тар 59 оқушы
1 Холерик	15,4%	12,9 %	20%	17,5%	9,8%	17,3%	13,5%
2 Санвиник	25,3%	28,8%	35,8%	37,6%	53,5%	45,5%	38,9%
3 Флегматик	48,5%	46,3%	40,3%	29,9%	28%	23,9%	23,7%
4 Меланхо лик	11,8%	12%	3,9%	15%	8,7%	13,3%	23,7%

Оқушылар арасында «Бестерек» жобасы аясында «Менің отбасым!», «Менің ең жақын досым!», «Менің арманым!» тақырыбында эссе жұмыстары алынды.



«Сенім жәшігіне» түскен 2 хатпен жұмыс жасалды.

21.10.2021 жылы «Бүгінгі жас маман- ертеңгі ел тірегі» тақырыбында жас мамандармен тренинг сабақ жүргізілді. Сабақ барысында еңбек жолын жаңадан бастаған жас мұғалімдерге тиісті құжаттарды толтыру , оқушылармен жұмыс барысында кездесетін проблемалар және оны шешу жолдары , жеке оқушылармен жұмыс жүргізудің әдіс-тәсілдері жайлы жан-жақты мәлімет берілді



Сұраныс бойынша үлгерімі төмен, аутодеструктивті мінез-құлықты оқушылармен жеке жұмыстар жүргізіліп келеді. Тоқсан аяқталуына байланысты 30.10.2021 күні ата-аналар жиналысында «Тәрбие бастауы – отбасы» тақырыбында 3 сынып ата-аналарына баяндама оқылып, ата-аналардан сауалнамалар алынып жеке кеңестер берілді.

Қараша

Барлық сынып оқушыларынан «Бестерек» жобасы аясында сауалнама, 5,6,7- сыныптар аралығында құқықбұзушылықтарды анықтау мақсатында анонимді сауалнама алынды.

Оқушылар арасында ерте жүктілікті алдын алу мақсатында 26.11.2021 күні жоғарғы сынып қыздарымен дөңгелек үстел ұйымдастырылып, тиісті мамандар тарапынан баяндама оқылды. Сынып жетекшілерімен бірлесе «тәуекел» тобына жататын оқушылармен жұмыстар жүргізілуде «Сенім жәшігіне» түскен 8 хатпен жұмыс жасалынып хаттама толтырылды. Үйде оқитын оқушыларға психологиялық қолдау көрсету мақсатында бірнеше рет үйлеріне барып, сауалнама алынды.

Буллинг және кибербуллингті алдын алу мақсатында 23.11.2021 күні 8,9,10,11 сынып жетекшілері мен оқушыларға түсіндірме жұмыстары жүргізіліп баяндама оқылды.





Мамандықтарға бейімділігі мен тұлға типтерін анықтау мақсатында Дж.Холландтың әдістемесі бойынша сауалнама жүргізіліп, оқушылармен талқыланды. 20.12.2021 күні «Мамандықтар еліне саяхат», «Мамандығым –мақтанышым» тақырыбында 9-11 сынып оқушыларына тренинг сабағы өтілді. Оқушылар, мұғалімдер, ата-аналар арасында туындаған проблемалары бойынша топтық және жеке кеңес берілуде. 5.12.2021 күні 9А/Б сынып оқушыларына суицидті алдын алу мақсатында «Өмір-жалғыз!» тақырыбында тренинг сабағы жүргізілді.



Әр ай сайын оқушылар және мұғалімдер тарапынан түскен сұранысқа байланысты жұмыстар атқарылуда. Бірінші жарты жылдықта ата-аналардың, сынып жетекшілердің жеке өтініші бойынша 68 оқушымен жұмыс жасалды. Сенім телефоны және сенім жәшігіне түскен 12 ұсыныс шағымдар тіркеліп, жұмыстар атқарылды.

Салауатты өмір салтын насихаттау, дене тәрбиесі

10-15 желтоқсанда Байдібек ауданында өткен волейболдан өткен облыстық жарыста Шарбұлақ жалпы орта білім беретін мектебінің қыздар командасы бірінші орын иеленді. 9 желтоқсанда оқушылар арасында салауатты өмір салтын насихаттау мақсатында 5-7 сынып оқушылары арасында футболдан мектеп біріншілігі өткізіліп, бірінші орынды 6 «б» сынып, екінші орынды 6 «в» сынып, үшінші орынды 7 «ә» сыныбы иеленді. 19 қарашада 7-8 және 9-11 сыныптар арасында футболдан аймақтық жарыста «Шарбұлақ» командасы жүлделі 1 орын иеленіп жарыстың келесі кезеңіне жолдама алды.

Байқаулар ,мәдени- көпшілік іс-шаралар

14 желтоқсанда «Тәуелсіз елдің Ұланымын» тақырыбында «Жас туристер» станциясы өткізген байқауда мектебіміздің оқушылары Тастанбекова Д, Оразалы Ұ, Ернияз А, және Г, Абдулла жүлделі бірінші орын иеленді.

13 желтоқсанда аға тәлімгер Г. Бугембаеваның ұйымдастыруымен оқушыларды «Жас қыран», « Жас Ұлан» ұйымына қабылдауға арналған жиналыс өткізіліп, 2 және 5 сынып оқушылары аталған ұйымға қабылданып салтанатты түрде ант берілді және төсбелгілер табысталды.

2021 жылдың 30 қараша күні Тұңғыш Президент күніне орай «Елін сүйген Елбасы» тақырыбында мәдени –спорттық іс-шаралар ұйымдастырылды.

Еліміздің Тұңғыш Президенті күніне орай өткізілген аудандық сайыста Тастан Т бас жүлде иеленді.

30 қараша күні барлық сыныптарда оқушыларды адалдыққа, парасаттылыққа тәрбиелеу, сыбайлас жемқорлықтың теріс салдарлары мен оны алдын алу бойынша кеңінен түсіндіру мақсатында М. Байғұттың «Өмірлік ұстанымдары-Адалдық, Әділдік» тақырыбында «Адалдық сағаттары» өткізілді.

22-қараша күні мектепішілік эстафеталық жарыс өткізілді. Жарыс қорытындысы бойынша байқауға ұйымшылдықпен қатысқан 7 «ә» сынып оқушылары бас жүлде иеленді.

Еліміздің Тәуелсіздігінің 30 –жылдығына орай «Мен Тәуелсіз елімнің ұланымын» ұранымен 5- 7 сынып оқушылары арасында байқау өткізілді. Байқау қорытындысы бойынша 7- сынып оқушылары бас жүлдеге ие болды.

Аудандық «Менің елім -Қазақстан» атты жас суретшілер байқауында 9 сынып оқушысы Мұхтар Нурсұлтан жүлделі бірінші орын иеленді.

25 қарашада аудандық «Тапқыр болсаң-талас жоқ» тақырыбында өтілген зияткерлік сайыста мектеп оқушыларына құралған команда жүлделі екінші орын иеленді.

16 қараша күні «Буллинг және кибербуллинг дегеніміз не?» тақырыбында барлық сыныптарға түсіндірме сабағы ұйымдастырылды.

4-қарашада оқушылардан құралған арнайы экспедиция «Домалақ ана» кесенесіне, «Ақмешіт» үңгіріне саяхат жасап, зерттеу жұмыстарын жүргізіп қайтты.

2 қарашада Аудандық «Жас туристер» станциясының ұйымдастыруымен өткен «Сыбдыры сұлу-Алтын күз-2021» атты байқауға қатысқан 5 сынып оқушысы Есіркеп Назерке жүлделі бірінші орын иеленіп қайтты.

30 қазан күні оқушылардың бос уақытын тиімді пайдаану, шығармашылық қабілеттерін амыту мақсатында «Алтын күз-2021» атты кеш ұйымдастырылды.

21 қазан күні «Оқуға кіштар мектеп» жобасы аясында Ы. Алтынсариннің туғанына 180 жыл толуына орай «Ұлт шамшырағы –Ыбырай» атты танымдық кеш ұйымдастырылды.

19 қазанда «Ұстазы жақсының ұстанымы мықты» тақырыбында өткен аудандық жарыста Молдабек Еламан және 6 сынып оқушысы Ш. Абдірахман қатысып жүлделі екінші орын иеленді.

16 қазанда оқушыларды еңбексүйгіштікке, кәсіпкерлікке баулу мақсатында «Табиғат сыйы» атты күзгі жәрмеңке өткізілді. Жәрмеңеде оқушылар жеміс – жидектермен қоса өздері жасан қолөнер бұйымдарын да сатуға шығарды.

14-қазан күні «Тәуелсіздігіміздің 30 жылдығына -30 игі іс» акция аясында мектеп оқушылардың, елді мекеніміздің еңбек ардагерлерінің қатысуымен 150 түп шырша көшетін отырғызу іс-шарасы болып өтті.

11-21 қазан аралығында «Абайлаңыз балалар» атты жол ережесіне байланысты онкүндік ұйымдастырылып оқушыларға жол белгілері, жолда жүру ережелері жайлы сабақтар өтілді.

1-қазан «Қарттар күніне» орай мектепте «Қарты бар ел- қазыналы ел» акциясы бастау алды. Акция барысында оқушылардан құрылған бригадалар қариялардың үйіне барып, шаруашылықтарына қолғабыс жасап ата-әжелеріміздің ризашылығына бөленіп, ақ баталарын алып қайтты.

5-қыркүйек Қазақстан халықтарының тілдері күні мерекесіне орай «Өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте» тақырыбымен барлық сыныптарда танымдық сағаттары 9-11 сынып оқушыларына арналған әдеби-музыкалық кеш өткізілді.

Өткізілген барлық іс-шаралар мерзімінде әлеуметтік желілерге жарияланып, көпшіліктің талқысына ұсынылып отырылды.

Ата-аналармен жұмыс

Мектепте ата-аналардық қоғамдық кеңесі, қамқоршылық ұйымдары құрылған. Аталған кеңестердің атқаратын жылдық жоспарлары жасалынып бекітілген.

Ата-аналар кеңесінің құрамы:

1. Б.Орынбаев- төраға
2. Рысқұлов Б.- мүшесі
3. Ғ. Тұрғынбаева- мүшесі
4. Ұ. Боранбаев- мүшесі
5. Н. Өмірқұлов- мүшесі
6. Әуелбекова Р.- мүшесі
7. Ибрагим Ж. – мүшесі

Ата-аналар комитеті құрамы жасақталып, жұмыс жоспары бекітілген. Комитет құрамы Б. Орынбаевтың басшылығымен бірінші жарты жылдық бойынша бір рет жалпы ата-аналар жиналысы болып өтті. Жиналыстың күн тәртібіне сәйкес ата-аналар комитетінің атқарған жұмысы жайлы есеп беріліп, көпшілік талқысына ұсынылды және мектеп педагог-психологтардың тақырыптық баяндамалары тыңдалынды.

Қамқоршылық кеңесінің құрамы:

1. Ә. Жылқыбаев – кеңес төрағасы
2. С. Бүрлібаев- төраға орынбасары
3. Н. Рысқұлов -кеңес мүшесі
4. Р. Сүлешова -кеңес мүшесі
5. Р. Сүлейменов- кеңес мүшесі
6. С. Сатыбалдиев -кеңес мүшесі
7. Қ. Сәуленбекова -кеңес мүшесі
8. А. Қазыканова- кеңес мүшесі
9. Өмірқұлов С. кеңес мүшесі
10. Ғ. Усербаева хатшы

Жарты жылдық бойынша қамқоршылық кеңесінің екі отырысы болып өтті. Қыркүйек айында өткен жиналыста жалпы ұйымдастыру жұмыстары қаралса, келесі жиналыста мектеп директоры Ж. Жансеитова кеңес мүшелеріне есеп берді. Өткізілген жиналыстың хаттамалары толтырылған.

2021-2022 оқу жылының бірінші жарты жылдығы бойынша тәрбие саласында атқарылған жұмыстар қаңтар айында өткен педагогикалық кеңесінің күн тәртібіне қойылып, талқыланды. Педагогикалық кеңесте мектеп директорының тәрбие іс жөніндегі орынбасары Қ. Құтымбет атқарылған жұмыстар жайлы баяндама оқып, есеп берді. Педагогикалық кеңес мүшелерінің дауыс беру қорытындысы бойынша атқарылған жұмыстар «қанағаттанарлық» деп бағаланды.

Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 31 тамыздағы №444 бұйрығының қосымшасында көрсетілген «Коронавирустық инфекцияның таралуына жол бермеуге байланысты шектеу шаралары кезеңінің орта білім беру ұйымдарында дәстүрлі 2021-2022 оқу жылындағы оқу процесін ұйымдастыру жөніндегі әдістемелік ұсынымдарға» сәйкес мектептегі кейбір іс-шаралар онлайн түрінде өткізілді.

Мектеп директоры

Ж. Жансеитова

Орындағандар: мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары

Қ. Құтымбет

М. Батырбеков